

**Жерді бір санаттан басқа санатқа ауыстыру және оны қорғаныс мұқтажы үшін беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 269 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 2-бабына, 13-бабының 3) тармақшасына және 105-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қызылорда облысы Қызылорда қаласының босалқы жер санатынан жалпы ауданы 20,0 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатынан «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Шымкент аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығында мотоатқыштар бөлімшесін орналастыру үшін берілсін.

3. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Шымкент аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алу салдарынан болған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

4. Қызылорда облысының әкімі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 3

с ә у і р д е г і

№            2 6 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Босалқы жер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл**

**шаруашылығына арналмаған өзге де жер санатына ауыстырылатын жер  
учаскесінің экспликациясы**

Р/с №	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде	
			жайылым	басқа жерлер
1	2	3	4	5
1	Қызылорда қаласындағы «Қорқыт Ата» әуежайының ауданында	20,0	14,08	5,92
	Барлығы	20,0	14,08	5,92

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК